«Ломбард «CreditLine» ЖШС
қатысушыларының жалпы жиналысының
2021 жылғы «26» маусымдағы
№24 хаттамасымен
бекітілген

«Ломбард «CreditLine» ЖШС-нің
Микрокредиттер беру ережесі

1.Жалпы ережелер

1.1. «Ломбард «CreditLine» ЖШС осы «Микрокредиттер беру ережесі» (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК), Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына (бұдан әрі – МҚҚ туралы Заң), Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Ломбард «CreditLine» ЖШС-нің (бұдан әрі-Ломбард) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
1.2. Ереже Ломбардтың микрокредит беру тәртібін, шарттарын, негізгі қағидаттарын айқындайды.
1.3. Ереже ашық ақпарат болып табылады және Ломбард клиенттерінің назарына қолжетімді жерде орналастырылады.
1.4. Микрокредит беру мерзімділік, қайтарымдылық және ақылылық шарттарында жүзеге асырылады.
1.5. Ломбард МҚҚ туралы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында микрокредит береді.
1.6. Ломбардтың Қарыз алушылары тек Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілеттң, 18 жасқа толған азаматтары болып табылады.
1.7. Ломбард жеке тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті (бұдан әрі – Кепіл мүлкі) кепілге қойып, бір жылға дейінгі мерзімге микрокредит беру бойынша қызметті жүзеге асырады.
1.8. Микрокредит беру туралы шарт бір мезгілде кепіл шарты болып табылады және Ломбардтың кепіл билетін берумен ресімделеді.
1.9. Ломбард бағдарламаның екі түрі бойынша: көлік құралын басқару құқығымен және көлік құралын басқару құқығынсыз микрокредит береді.

Көлік құралын басқару құқығымен, Кепіл мүлкі Қарыз алушының/Кепіл берушінің пайдалануында қалатын бағдарлама.

Көлік құралын басқару құқығынсыз, Кепіл мүлкі Ломбардта қалатын бағдарлама.

1.10. Кепіл билетінің қолданылу мерзімін ұзарту, микрокредитті ішінара және толық өтеуді жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болған жағдайда Қарыз алушының өзі тікелей жүзеге асырады.
1.11. Микрокредитті ішінара және толық өтеу бойынша операцияларды мынадай жағдайларда үшінші тұлғалардың жүргізулеріне рұқсат етіледі:

1) үшінші тұлғада нотариаттық сенімхат болған кезде;
2) Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда:
   - қайтыс болу туралы куәлікті;
   - туыстық дәрежесін растайтын құжатты;
   - мұраның бірінші желісі бойынша қалған туыстарынан талап қоюдан бас тарту туралы өтінішті;
   - кепіл затына мұрагерлік құқығын алу туралы куәлікті көрсеткен кезде.

2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі

2.1. Микрокредитті ресімдеу процесі өтініш беруші-жеке тұлғаға (бұдан әрі – Өтініш беруші) Ломбард менеджерінің кеңес беруінен және өтініш берушіге келесі ақпаратты ұсынудан басталады:

- микрокредитті беру шарттары және кепіл билетін жасау үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы;

- Ломбард пен Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері туралы;
- тарифтер (сыйақы мөлшерлемелері) туралы, Ломбард бағдарламаларының шарттары туралы;
- Қарыз алушы кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы;
- микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы;
- микрокредитті өтеу тәсілдері туралы;
- микрокредит беру үшін қажетті басқа да ақпаратты.

Сондай-ақ Ломбард менеджері Өтініш берушіге танысу үшін микрокредит беру ережелерін ұсынады.

2.2. Өтініш беруші Ломбард менеджеріне мынадай құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) Кепіл мүлкіне құқық белгілейтін құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік);

3) тіркелген неке болған жағдайда, жұбайының (зайыбының) автокөлік құралын кепілге қоюға және соттан тыс өткізуге нотариалды куәландырылған келісімі.

Құжаттарды алғаннан кейін Ломбард менеджері Қарыз алушының сауалнамасына барлық қажетті деректерді енгізеді.

2.4. Өтініш беруші Ломбардқа sms-хабарлама алу үшін ұялы телефонның қолданыстағы нөмірін хабарлауға міндетті. Ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда Өтініш беруші тез арада, бірақ нөмір өзгерген күннен бастап бір тәуліктен кешіктірмей Ломбардқа жаңа нөмірді жазбаша хабарлауға міндетті.

2.5. Өтініш беруші Ломбард менеджеріне өзі алғысы келетін микрокредит сомасын айтады.

2.6. Өтініш беруші дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға, ол бойынша ақпаратты кредиттік бюроға беруге, Ломбард менеджері ұсынған келісім нысанына қол қоя отырып, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісім береді.

2.7. Ломбард қызметкерлері Кепіл мүлкін тексеріп қарап, бағалайды. Өтініш беруші Кепіл мүлкін бағалаумен келіскен жағдайда менеджер микрокредит алуға өтінімді жасауды жүзеге асырады.

2.8. Ломбард қызметкерлерінің қарау, бағалау, кеңес беру бойынша іс-әрекеттері Кепіл билетін жасау және микрокредит беру талабы үшін негіз болып табылмайды.

2.9. Кепіл билетін жасау үшін ауызша келісім негіз болып табылады, онда Өтініш беруші мен Ломбард кепіл мүлкін бағалау сомасы, микрокредит сомасы және оны қайтару күні туралы келісімге қол жеткізеді.

2.10. Ломбард мынадай негіздердің кез келгені болған кезде микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

1) клиенттің қаржылық жағдайы туралы теріс ақпарат алынған;

2) кепілге берілген мүлік Ломбардтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

2.11. Өтініш беруші Кепіл билетін жасаудан бас тартуға құқылы.

3. Микрокредит беру туралы шартты жасау тәртібі

3.1. Кепіл билеті мәміленің жазбаша нысаны мен мазмұнына Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып жасалады (ҚР АК 328-бабы).

3.2. Кепіл билеті келесі міндетті шарттарды қамтиды:

1) Кепіл билетінің жалпы шарттары;

2) Қарыз алушының құқықтары;

3) Ломбардтың құқықтары;

4) Ломбардтың міндеттері;

5) Ломбардқа арналған шектеулер;

6) Тараптардың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі;

7) Кепіл билетінің шарттарына өзгерістер енгізу тәртібі.

Кепіл билеті кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес, сомасы жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын микрокредит бойынша берешекті сотқа дейін реттеу тәртібін де қамтиды.

3.3. Кепіл билетіне оның тараптары қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

3.4. Ломбардпен жасалған Кепіл билеті бойынша ақпарат міндетті түрде Мемлекеттік кредиттік бюроға берілуге тиіс.
3.5. Қол қойылған Кепіл билеті тіркеу органында Кепіл мүлкіне ауыртпалық салу жағдайына тіркеледі.
3.6. Қарыз алушы Кепіл мүлкіне ауыртпалықты мемлекеттік тіркеу рәсімін жүзеге асырғаннан кейін микрокредит алады.

4. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері

4.1. Ломбард республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.
4.2. Микрокредиттің ең көп сомасы құрайды:
- көлік құралын басқару құқығымен бағдарлама бойынша - кепіл мүлкінің **бағалау құнынан 60% - ға дейін**;
- көлік құралын басқару құқығынсыз бағдарлама бойынша - кепіл мүлкінің **бағалау құнынан 80% - ға дейін**.

Тараптардың келісімі бойынша сома ұлғайтылуы мүмкін, бірақ Ереженің 4.1.-тармағында қарастырылған микрокредит мөлшерінен аспауы керек.
4.3. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайды.
4.4. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылдан аспайды.

5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

5.1. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредиттер бойынша Жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәні:

мүлік кепілімен қамтамасыз етілген – берілген микрокредит сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген – берілген микрокредит сомасының 30 (отыз) пайызы мөлшерінде белгіленсін.".

5.2. Мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 айлық есептік көрсеткіштен асатын микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:
- жылдық ең жоғары тиімді сыйақы мөлшерлемесі - 56 (елу алты) % (ЖТСМ).

5.3. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қаржы нарығының жай-күйі мен сұраныс деңгейіне байланысты әрбір бағдарлама бойынша Ломбард белгілейді.

6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі

6.1. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Ломбардқа кепіл билетімен белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді.
6.2. Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуі кепіл билетіне қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.
6.3. Есептелген сыйақыларды толық өтеген және микрокредит берудің жалпы мерзімінен 12 (он екі) айдан аспаған жағдайда және микрокредит бойынша барлық төлемдердің сомасы, микрокредит нысанасын қоспағанда, кепіл билетінде көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын қоса алғанда, микрокредит бойынша барлық төлемдердің сомасы жиынтығында кепіл билетінің қолданылуының барлық кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспауы шартымен, 50 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі микрокредитті беру мерзімін ұзартуға жол беріледі.
6.4. Есептелген сыйақыларды толық өтеген және микрокредит берудің жалпы мерзімінен 12 (он екі) айға тең аспаған жағдайда 50 айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі микрокредит беру мерзімін ұзартуға рұқсат етіледі.
6.5. Есептелген сыйақыны толық өтеген жағдайда, Қарыз алушының ауызша өтініші негізінде микрокредитті ішінара, мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы негізгі қарыз сомасының қалдығына есептеледі.

6.6. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне тура келген жағдайда, Қарыз алушы тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуді одан кейінгі жұмыс күні жүргізеді.

7. Қабылданатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

7.1. Қарыз алушының кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындауы кепілмен қамтамасыз етіледі.
7.2. Микрокредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард тек көлік құралдарын қабылдайды.
7.3. Кепіл мүлкіне қойылатын талаптар:
- көлік құралы 2000 жылдан ерте емес шығарылған, сондай-ақ Алматы қаласында, Алматы облысында және Нұр-Сұлтан қаласында тіркелуі тиіс (ерекшелік Ломбардтың қалауы бойынша жасалуы мүмкін);
- көлік құралының қандай да бір анық техникалық ақаулары, сондай-ақ шанақтың зақымдануы болмауы тиіс (бүліну дәрежесін анықтау Ломбардпен жүргізіледі);

7.4. Ломбард кепіл мүлкін мынадай шарттар сақталған жағдайда кепілге қабылдайды(соның ішінде, бірақ олармен шектелмей):
- Кепіл беруші / Қарыз алушы кепіл мүлкін меншік құқығында иеленуі және кепіл мүлкіне меншік құқығын растайтын құжаттың түпнұсқасы болуы тиіс;
- Кепіл мүлкі үшінші тұлғалардың ауыртпалықтарынан және/немесе құқықтарынан және/немесе талаптарынан бос болуы тиіс;
- Кепіл мүлкі Қарыз алушының пайдалануында қалған жағдайда, Ломбардтың кепіл билетінің қолданылу уақытында кепіл мүлкінің болуына және сақталуына бақылау жасау мүмкіндігі болуы тиіс.

7.5. Кепіл мүлкін бағалауды Ломбард қызметкері автокөлік құралдарының мониторингіне сәйкес Қазақстан Республикасының нарығындағы көлік құралдарының ұқсас модельдерінің құнын негізге ала отырып жүргізеді.
7.6. Кепіл билетінде көрсетілген микрокредитті қайтару мерзімі аяқталғаннан кейін ҚР АК сәйкес кепіл мүлкі сатуға берілмейтін қосымша кепілдік кезеңі көзделеді.
7.7. Ломбард кепілдік кезеңі аяқталғанға дейін кепілге салынған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқығы жоқ. Көрсетілген кезең өткеннен кейін және микрокредит қайтару және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша міндеттемелерді орындау болмаған кезде, Ломбард соттан тыс тәртіппен және сауда-саттықты жүзеге асырмай кепіл мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сатуды жүзеге асыруға құқылы.
7.8. Қарыз алушы кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың кепіл мүлкін соттан тыс сатуына өз келісімін береді.

8. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері

8.1. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі – ЖТСМ) микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.
8.2. Микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.
8.3. Ұсынылатын микрокредиттер бойынша ЖТСМ есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.
8.4. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 «Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес жүргізіледі.
8.5. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебі:

1) микрокредит беру туралы шарт, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер жасалған күнге;

2) қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талап етуі бойынша;

3) қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүргізіледі.

8.6. Микрокредит беру туралы шарттың талаптары қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оны төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатындай өзгерген кезде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыланған мәні микрокредит беру туралы шарт қолданыла бастаған мерзімнен бастап қарыз алушы микрокредит бойынша төлеген төлемдерді есептемегенде, талаптарды өзгерту басталған күнгі микрокредитті өтеудің қалған мерзіміне қарай есептеледі.

8.7. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^{n} \frac{S_j}{(1+APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^{m} \frac{P_i}{(1+APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

Sj - қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

tj - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

Pi - қарыз алушының і-ші төлемінің сомасы;

ti - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының і-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

8.8. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:

1) егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;

2) егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.

8.9. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының оның микрокредит беру туралы шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша талаптарын сақтамауынан туындаған төлемдерін (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемі кіреді.

8.10. Қарыз алушылардың микроқаржы ұйымдарына жүргізілген төлемдері және микроқаржы ұйымдарының қарыз алушыларға төлемдері сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу мақсатында олар нақты төленген күнге, болашақтағылары - төлемдер графигі бойынша есепке алынады.

9. Микрокредитті өтеу әдістері

9.1. Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі кепіл билетіне қосымша болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде белгіленеді.

9.2. Ломбард 50 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға кепіл билеті жасалғанға дейін танысу және микрокредит өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Ломбард микрокредиттерді өтеудің мынадай әдістерін қолданады:

- микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомасын және негізгі борыш қалдығына кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісі;

- аннуитетті төлемдер әдісі, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылатын төлемдерді және негізгі борыш қалдығына кезең үшін есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын микрокредит мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін;
- микрокредит мерзімінің соңында сыйақыны ай сайын төлеумен және негізгі қарызды өтеумен пайыздық төлемдер әдісі.

9.3. 9.2-тармақта көрсетілген шарттар сомасы 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем және микрокредит беру мерзімі 45 күнтізбелік күннен аспайтын Ломбард беретін микрокредиттерге қолданылмайды. Бұл жағдайда Ломбард пайыздық төлемдер әдісін қолданады.

10. Басқа шарттар

10.1. Қарыз алушы, микрокредит және кепіл мүлкі туралы жеке ақпарат құпия болып табылады (микрокредитті беру құпиясы) және жария етуге және үшінші тұлғаларға көзбе-көз немесе телефон (электрондық пошта) арқылы беруге жатпайды.

10.2. Микрокредит туралы ақпарат (микрокредитті беру құпиясы) Қарыз алушыны кепіл билетіне енгізілген жеке куәлігінің нөмірі мен күні, ұялы телефон нөмірі, кепіл билетінің нөмірі мен күні негізінде сәйкестендірген жағдайда телефон арқылы Қарыз алушының өзіне берілуі және/немесе ашылуы мүмкін, кез келген үшінші тұлғаға қарыз алушының микроқаржы ұйымында өзінің жеке қатысуы кезінде берген жазбаша келісімі негізінде, сондай-ақ кредиттік бюролар туралы заңнамаға сәйкес және МҚҚ туралы Заңның 21-бабының 4, 5, 5-1 және 6-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ашылуы мүмкін.

10.3. Микрокредит және Қарыз алушы туралы ақпарат Қарыз алушының жазбаша келісімі негізінде кредиттік бюроға беріледі.

10.4. Осы Ережеге тиісті өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күнге дейін Қарыз алушы мен Ломбард жасаған кепіл билеттеріне (шарттарына) қолданылмайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10.5. Қарыз алушы кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардқа өзінің дербес деректерін қағаз нұсқаларда және электрондық тасымалдағыштарда жинауға және өңдеуге өз келісімін береді.

10.6. Қарыз алушы кепіл билетіне қол қоя отырып, осы Ережелерде қамтылған шарттармен келіседі.

10.7. Осы Ереже Ломбардтың уәкілетті органы – Қатысушылардың Жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Утверждены
протоколом общего собрания участников
ТОО «Ломбард «CreditLine»
№24 от «26» июня 2021 года

Правила предоставления микрокредитов
ТОО «Ломбард «CreditLine»

1.Общие положения

1.1. Настоящие «Правила предоставления микрокредитов» ТОО «Ломбард «CreditLine» (далее – Правила) разработаны в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан (далее – ГК РК), Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» (далее – Закон о МФД), нормативно - правовыми актами Республики Казахстан, а также внутренними документами ТОО «Ломбард «CreditLine» (далее – Ломбард).
1.2. Правила определяют порядок, условия, основные принципы предоставления микрокредитов Ломбардом.
1.3. Правила являются открытой информацией и размещаются в месте, доступном для обозрения клиентами Ломбарда.
1.4. Выдача микрокредитов осуществляется на условиях срочности, возвратности и платности.
1.5. Ломбард предоставляет микрокредиты в национальной валюте Республики Казахстан в размере и порядке, определенных Законом о МФД.
1.6. Заёмщиками Ломбарда являются только физические лица, дееспособные граждане Республики Казахстан, достигшие 18 лет.
1.7. Ломбард осуществляет деятельность по предоставлению микрокредитов физическим лицам под залог движимого имущества (далее – Залоговое имущество), предназначенного для личного пользования, на срок до одного года в размере, не превышающем восьмитысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.
1.8. Договор о предоставлении микрокредита одновременно является договором залога и оформляется выдачей Ломбардом залогового билета.
1.9. Ломбард предоставляет микрокредиты по двум видам программ: с правом управления транспортным средством и без права управления транспортным средством.

С правом управления транспортным средством, программа, в которой Залоговое имущество остается в пользовании у Заёмщика/Залогодателя.

Без права управления транспортным средством, программа, в которой Залоговое имущество остается у Ломбарда.

1.10. Осуществление пролонгаций срока действия залогового билета, частичное и полное погашение микрокредита производится непосредственно самим Заемщиком при наличии оригинала документа, удостоверяющего личность.
1.11. Допускается проведение операций по частичному и полному погашению микрокредита третьими лицами в следующих случаях:

1) при наличии у третьего лица нотариальной доверенности;
2) смерти Заемщика, при предъявлении:

- свидетельства о смерти;
- документа подтверждающего степень родства;
- заявление об отказе предъявления требований от остальных родственников по первой линии наследования;
- свидетельства о вступлении в права наследования на предмет залога.

2. Порядок подачи заявления на предоставление микрокредита и порядок его рассмотрения

2.1. Процесс оформления микрокредита начинается с консультации заявителя-физического лица (далее – Заявитель) менеджером Ломбарда и предоставлении следующей информации Заявителю:

- об условиях предоставления микрокредита и перечне необходимых документов для заключения залогового билета;
- о правах и обязанностях Ломбарда и Заёмщика;
- о тарифах (ставках вознаграждения), об условиях программ Ломбарда;
- об ответственности и возможных рисках в случае невыполнения Заёмщиком обязательств по залоговому билету;
- о платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита;
- о способах погашения микрокредита;
- иную информацию, необходимую для предоставления микрокредита.

Также менеджер Ломбарда предоставляет Заявителю правила предоставления микрокредитов для ознакомления.

2.2. Заявитель предоставляет менеджеру Ломбарда оригиналы следующих документов:

1) документ, удостоверяющий личность;

2) правоустанавливающие документы на Залоговое имущество (свидетельство о регистрации транспортного средства);

3) при наличии зарегистрированного брака, нотариально заверенное согласие супруга (супруги) на залог и внесудебную реализацию автотранспортного средства.

После получения документов, менеджер Ломбарда вносит все необходимые данные в анкету Заёмщика.

2.4. Заявитель обязан сообщить Ломбарду действительный номер мобильного телефона для получения им sms-уведомлений. При изменении номера мобильного телефона Заявитель обязан незамедлительно, но не позднее одних суток со дня изменения номера, письменно сообщить новый номер Ломбарду.

2.5. Заявитель озвучивает менеджеру Ломбарда сумму микрокредита, которую предполагает получить.

2.6. Заявитель дает согласие на сбор, обработку и хранение персональных данных, предоставление информации по нему в кредитное бюро, на выдачу кредитного отчета из кредитного бюро подписав форму согласия, предоставленную менеджером Ломбарда.

2.7. Работниками Ломбарда производится осмотр и оценка Залогового имущества. В случае согласия Заявителя с оценкой Залогового имущества менеджер осуществляет формирование заявки на получение микрокредита.

2.8. Действия работников Ломбарда по осмотру, оценке, консультациям не являются основанием для требования заключить залоговый билет и выдать микрокредит.

2.9. Основанием для заключения залогового билета является устное соглашение, в котором Заявитель и Ломбард достигают договоренности о сумме оценки Залогового имущества, сумме микрокредита и дате его возврата.

2.10. Ломбард вправе отказать в предоставлении микрокредита при наличии любого из следующих оснований:

1) получена негативная информация о финансовом состоянии клиента;

2) в случае несоответствия предоставляемого в залог имущества требованиям Ломбарда;

3) в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

2.11. Заявитель вправе отказаться от заключения Залогового билета

3. Порядок заключения договора о предоставлении микрокредита

3.1. Залоговый билет заключается с учетом требований гражданского законодательства Республики Казахстан к письменной форме сделки и содержанию (ст.328 ГК РК).

3.2. Залоговый билет содержит следующие обязательные условия:

1) общие условия Залогового билета;
2) права Заемщика;
3) права Ломбарда;
4) обязанности Ломбарда;
5) ограничения для Ломбарда;
6) ответственность сторон за нарушение обязательств;
7) порядок внесения изменений в условия Залогового билета.

Залоговый билет также содержит порядок досудебного урегулирования задолженности по микрокредиту, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности, сумма которого превышает сто месячных расчетных показателей.

3.3. К залоговому билету прилагается подписанный его сторонами график погашения микрокредита.

3.4. Информация по Залоговому билету, заключенному Ломбардом, подлежит в обязательном порядке предоставлению в Государственное кредитное бюро.

3.5. Подписанный залоговый билет регистрируется в регистрирующем органе на предмет наложения обременения на Залоговое имущество.

3.6. Заемщик получает микрокредит после осуществления процедуры государственной регистрации обременения на Залоговое имущество.

4. Предельные суммы и сроки предоставления микрокредита

4.1. Ломбард предоставляет микрокредиты в размере, не превышающем восьмитысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

4.2. Максимальная сумма микрокредита составляет:

- по программе с правом управления транспортным средством до **60 % от оценочной стоимости** залогового имущества;
- по программе без права управления транспортным средством до **80 % от оценочной стоимости** залогового имущества.

По договоренности сторон сумма может быть увеличена, но не более размера микрокредита, предусмотренного в п.4.1. Правил.

4.3. Максимальный срок предоставления микрокредитов, в размере, не превышающем 50 (пятьдесят) месячных расчетных показателей, не превышает 45 (сорока пяти) календарных дней.

4.4. Максимальный срок предоставления микрокредитов, в размере, превышающем 50 (пятьдесят) месячных расчетных показателей не превышает 1 (один) календарный год.

5. Предельные величины ставок вознаграждения по предоставляемым микрокредитам

5.1. Предельная ставка вознаграждений по микрокредитам, предоставляемым на срок до 45 (сорока пяти) календарных дней, размер которых не превышает 50 месячных расчетных показателей, установленных на текущий финансовый год по договору о предоставлении микрокредита, заключенному с физическим лицом:

обеспеченному залогом имущества, в размере 20 (двадцать) процентов от суммы выданного микрокредита;

не обеспеченному залогом имущества, в размере 30 (тридцать) процентов от суммы выданного микрокредита.».

5.2. Предельные величины ставок вознаграждения по микрокредитам, размер которых превышает 50 месячных расчетных показателей, установленных на текущий финансовый год:

- максимальная годовая эффективная ставка вознаграждения - 56 (пятьдесят шесть) % (ГЭСВ).

5.3. Ставки вознаграждения по выдаваемым микрокредитам устанавливаются Ломбардом по каждой программе в зависимости от состояния финансового рынка и уровня спроса.

6. Порядок выплаты вознаграждения по предоставленным микрокредитам

6.1. За пользование предоставленным микрокредитом Заёмщик выплачивает Ломбарду вознаграждение в размере и сроки, установленные залоговым билетом.

6.2. Выплата Заёмщиком вознаграждения за пользование микрокредитом осуществляется согласно графику погашения, прилагаемому к залоговому билету.

6.3. Допускается пролонгация срока предоставления микрокредита, в размере не превышающем 50 месячных расчетных показателей, при условии полного погашения начисленных вознаграждений и не превышения общего срока предоставления микрокредита 12 (двенадцати) месяцам и при условии, что сумма всех платежей по микрокредиту включая сумму вознаграждения и неустойки (штрафа, пени), предусмотренных залоговым билетом, за исключением предмета микрокредита, в совокупности не могут превышать сумму выданного микрокредита за весь период действия залогового билета.

6.4. Допускается пролонгация срока предоставления микрокредита, в размере, превышающем 50 месячных расчетных показателей, при условии полного погашения начисленных вознаграждений и не превышения общего срока предоставления микрокредита равный 12 (двенадцати) месяцам.
6.5. Допускается частичное, досрочное погашение микрокредита на основании устного заявления Заемщика, при условии полного погашения начисленных вознаграждений. При этом вознаграждение за дальнейшее пользование микрокредитом исчисляется на остаток суммы основного долга.
6.6. В случае, если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, Заемщик производит оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени).

7. Требования к принимаемому обеспечению

7.1. Исполнение заемщиком обязательств по залоговому билету обеспечивается залогом.
7.2. В качестве обеспечения по микрокредитам Ломбард принимает только транспортные средства.
7.3. Требования к Залоговому имуществу:
- транспортное средство должно быть не ранее 2000 года выпуска, а также зарегистрировано в г. Алматы, Алматинской области и г. Нур-Султан (исключение может быть сделано по усмотрению Ломбарда);
- транспортное средство не должно иметь каких-либо явных технических неисправностей, а также иметь повреждение кузова (определение степени повреждения производится Ломбардом);
7.4. Залоговое имущество принимается в залог Ломбардом при соблюдении следующих условий (включая, но не ограничиваясь):
- Залогодатель/ Заёмщик должен владеть залоговым имуществом на праве собственности и иметь оригинал документа, подтверждающего право собственности на залоговое имущество;
- Залоговое имущество должно быть свободно от обременений и/или прав и/или притязаний третьих лиц;
- Ломбард должен иметь возможность осуществлять контроль за наличием и сохранностью залогового имущества на время действия залогового билета, в случае если залоговое имущество остается в пользовании Заёмщика.
7.5. Оценка залогового имущества производится сотрудником Ломбарда согласно мониторингу автотранспортных средств, исходя из стоимости аналогичных моделей транспортных средств на рынке Республики Казахстан.
7.6. По истечении срока возврата микрокредита, указанного в залоговом билете, предусматривается дополнительный гарантированный период согласно ГК РК, в течение которого залоговое имущество не передается на реализацию.
7.7. Ломбард не вправе пользоваться и распоряжаться заложенным имуществом до истечения гарантированного периода. По истечении указанного периода, и при отсутствии исполнения обязательств по возврату микрокредита и выплате вознаграждения и неустойки, Ломбард вправе во внесудебном порядке и без осуществления торгов осуществить реализацию залогового имущества в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.
7.8. Заемщик, подписывая залоговый билет, предоставляет свое согласие на внесудебную реализацию Ломбардом залогового имущества.

8. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам

8.1. Годовой эффективной ставкой вознаграждения (далее – ГЭСВ) является ставка вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении по микрокредиту.
8.2. Размер ГЭСВ по микрокредиту не должен превышать предельный размер, определенный нормативным правовым актом уполномоченного органа.
8.3. Правила расчета ГЭСВ по предоставляемым микрокредитам разрабатываются и утверждаются уполномоченным органом.

8.4. Расчёт ГЭСВ по предоставляемым микрокредитам производится в соответствии с Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан №208 от 26 ноября 2019 года «Об утверждении Правил расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам».

8.5. Расчет годовой эффективной ставки вознаграждения производится:

1) на дату заключения договора о предоставлении микрокредита, дополнительных соглашений к договору о предоставлении микрокредита;

2) по устному или письменному требованию заемщика;

3) в случае внесения изменений и дополнений в договор о предоставлении микрокредита, которые влекут изменение суммы (размера) денежных обязательств заемщика и (или) срока их уплаты.

8.6. При изменении условий договора о предоставлении микрокредита, влекущих изменение суммы (размера) денежных обязательств заемщика и (или) срока их уплаты, расчет уточненного значения годовой эффективной ставки вознаграждения производится исходя из остатка задолженности, оставшегося срока погашения микрокредита на дату, с которой изменяются условия, без учета платежей по микрокредиту, произведенных заемщиком с начала срока действия договора о предоставлении микрокредита.

8.7. Годовая эффективная ставка вознаграждения по предоставляемым микрокредитам рассчитывается по следующей формуле:

$$\sum_{j=1}^{n} \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^{m} \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

где:

n - порядковый номер последней выплаты заемщику;

j - порядковый номер выплаты заемщику;

Sj - сумма j-той выплаты заемщику;

APR - годовая эффективная ставка вознаграждения;

tj - период времени со дня предоставления микрокредита до момента j-той выплаты заемщику (в днях);

m - порядковый номер последнего платежа заемщика;

i - порядковый номер платежа заемщика;

Pi - сумма i-того платежа заемщика;

ti - период времени со дня предоставления микрокредита до момента i-того платежа заемщика (в днях).

8.8. Если при расчете годовой эффективной ставки вознаграждения полученное число имеет более одного десятичного знака, оно подлежит округлению до десятых долей следующим образом:

1) если сотая доля больше или равна 5, десятая доля увеличивается на 1, все следующие за ней знаки исключаются;

2) если сотая доля меньше 5, десятая доля остается без изменений, все следующие за ней знаки исключаются.

8.9. В расчет годовой эффективной ставки вознаграждения по микрокредиту включаются все платежи заемщика, за исключением платежей (пени, штрафа) заемщика, возникших в связи с несоблюдением им условий договора о предоставлении микрокредита по уплате основного долга и (или) вознаграждения.

8.10. Произведенные выплаты заемщиков микрофинансовым организациям и выплаты микрофинансовых организаций заемщикам учитываются в целях расчета годовой эффективной ставки вознаграждения на даты их фактических выплат, будущие - по графику выплат.

9. Методы погашения микрокредита

9.1. Способ и метод погашения микрокредита, выбранный Заемщиком устанавливается в графике погашения микрокредита, являющегося приложением к залоговому билету.

9.2. Ломбард до заключения залогового билета, на сумму, превышающую 50 месячных расчетных показателей, предоставляет для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита проекты графиков погашения, рассчитанных различными методами. Ломбард применяет следующие методы погашения микрокредитов:

- метод дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;
- метод аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других;
- метод процентных платежей с ежемесячной уплатой вознаграждения и погашения основного долга в конце срока микрокредита.

9.3. Условия, указанные в пункте 9.2. не распространяются на выдаваемые Ломбардом микрокредиты, суммы которых менее 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей и срок предоставления микрокредита не превышает 45 календарных дней. В этом случае Ломбард применяет метод процентных платежей.

10. Иные условия

10.1. Личная информация о Заемщике, микрокредите и залоговом имуществе является конфиденциальной (тайна предоставления микрокредита) и не подлежит разглашению и предоставлению третьим лицам очно либо по телефону (электронной почте).

10.2. Информация о микрокредите (тайна предоставления микрокредита) может быть предоставлена и/или раскрыта самому Заемщику по телефону при условии идентификации Заемщика на основании номера и даты удостоверения личности, номера мобильного телефона, занесенного в залоговый билет, номера и даты залогового билета, раскрыта любому третьему лицу на основании письменного согласия заемщика данного в момент его личного присутствия в микрофинансовой организации, а также в соответствии с законодательством о кредитных бюро и лицам, указанным в пунктах 4, 5, 5-1 и 6 статьи 21 Закона о МФД.

10.3. Информация о микрокредите и Заемщике предоставляется в кредитное бюро на основании письменных согласий Заемщика.

10.4. В настоящие Правила могут вноситься изменения и дополнения, действие которых не распространяется на залоговые билеты (договоры), заключенные Заемщиком с Ломбардом до даты внесения соответствующих изменений (дополнений).

10.5. Заемщик, подписывая залоговый билет, предоставляет Ломбарду свое согласие на сбор и обработку своих персональных данных на бумажных и электронных носителях.

10.6. Заемщик, подписывая залоговый билет, соглашается с условиями, содержащимися в настоящих Правилах.

10.7. Настоящие Правила вводятся в действие с даты его утверждения уполномоченным органом Ломбарда – Общее собрание участников.